

Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 112 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28268 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Жамбыл облысы әкімдігінің "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2018 жылғы 28 ақпандағы №24 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3744 болып тіркелген);

2) Жамбыл облысы әкімдігінің "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 24 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 11 маусымдағы № 135 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4264 болып тіркелген).

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін.

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының
әкімі*

Н. Нуржигитов